

Серкан Каймақтың "6D010900 – Математика" мамандығы бойынша "философия докторы" (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған ««Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» тақырыбы негізінде дайындаған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Бүгінгі таңда ғылыми техникалық прогресстен туындаған ақпарат көлемінің қарқынды өсуі нәтижесінде заманауи және инновациялық әдістерді қолдана отырып, жаңа ақпаратты өндіру және өңдеу проблемасының маңыздылығы арта түсуде. Сондықтан білім берудің жаңа парадигмаларын іздеу міндеті өзекті болып отыр, оның негізгінен іргелі, тұтастық, мәдениетпен байланысты нығайту, жеке тұлғаның дамуына және оның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталады. Математиканы оқытудың мазмұнын таңдау және құру кезінде біз білім беру жүйесі оқушыларды тек хабардар ету емес, оларға ақпарат ұсынып, кері байланыс алу, оқыту мен үйрету әрекеті оқушы түйсігіне неғұрлым көп бағытталып, өзіндік ізденуге жағдай тудыруды дамытуға баса назар аударуымыз керек.

Қазіргі кезеңде математиканың қоғамдағы білім беруді ізгілендіру және тұлғаны әлеуметтендіру құралы ретіндегі рөлі артып келеді. Сонымен қатар, математика жаратылыстану пәнінен гөрі гуманитарлық бағыт ретінде қарастырыла бастады. Ойлау мен қабылдаудың өнімділігі, пәндік сөйлеуді дамыту, дәлелдеудің логикалық толықтығы, ақыл-ой қабілеттерін дамыту, егер ол ақылға қонымды ұйымдастырылса, математикалық білімнің нақты нәтижесі болуы мүмкін.

Соңғы онжылдықтарда қоғамның азаматтардың математикалық біліміне деген қажеттіліктері айтарлықтай өзгерді. Математикалық білімді кәсіби бағытта оқытудың өсіп келе жатқан тенденциясы басқа ғылымдарда математикалық әдістерді қарқынды қолданумен байланысты, олардың кейбіреулері қазіргі әлемдегі адамның өмірі мен әлеуметтенуіне тікелей әсер етеді. Математика курсының мазмұны және оның кәсіби қызметке бағытталуы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін сәтті шешудің кілті деп айта аламыз, бұл өз кезегінде болашақ педагог мамандарды кәсіби бағытта оқытудың маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі технологияның қарқынды дамуы, болашақ педагог мамандардың меңгеруі керек оқу пәндерінің мазмұнына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан математиканы оқыту кезінде мұғалім математикалық құзыреттілікті игеріп қана қоймай, сонымен қатар осы білімді математиканы оқуда және болашақ кәсіби қызметте жауапкершілікпен, шығармашылықпен қолдана білуді

үйренуі керек. Педагог маман үшін математикалық білімнің маңыздылығы математиканы оқытудың кәсіби бағытымен де анықталады, бұл жаңа білім беру парадигмасының қалыптасуына байланысты өте маңызды.

Докторант Серкан Каймақтың «Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» тақырыптық зерттеу жұмысы, болашақ педагог мамандар үшін ықтималдық теориясы мен математиканың қосымша тарауларын оқытудың кәсіби бағытын күшейту, жоғары кәсіби білімге тән қажеттілігі және мектеп қабырғасында математикалық пәндерді кәсіби бағытта оқытуды жүзеге асыру әдістемесінің жеткіліксіз дамуы зерттеудің өзектілігін анықтады. Себебі, Серкан Каймақтың қарастырып отырған математиканы кәсіби бағытта оқытудың мазмұнының қалыптасуы, оқу жоспарлар мен бағдарламалардың өзіндік ерекшеліктері т.б. мәселелер зерделенбегендіктен, оларды бүгінгі қоғамның, әлеуметтік ортаның сұраныс талабына қарай қолдану жолдарын қарастыруымыз керектігін негіздеп беріп отыр.

Диссертант «Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» тақырыптығы бойынша зерттеу жұмысын жүргізген педагогтар, философтар мен психологтардың еңбектерін жан-жақты талдап, жүзеге асыруға қатысты идеялары мен көзқарастарын жүйелі түйіндеуі осы еңбектің ғылыми деңгейін көрсетеді және келесі реттегі зерттеу жұмысының нақты ғылыми жаңалығы бар нәтижелерге ие болғанын дәлелдейді:

- Математиканы оқытуда пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың кәсіби бағыты мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жүргізілді.
- Мектептерде математикалық пәндерді оқытудың ерекшеліктері қарастырылып, мектепте математиканы оқытудың кәсіби бағытын жүзеге асыру, білімгерлердің бастапқы математикалық дайындық деңгейіне, олардың математиканы оқуға деген мотивациясына байланысты екеніндігі анықталды.
- Оқытудың кәсіби бағыты идеяларын көрсететін заманауи әдеби оқу материалдарына қойылатын әдістеме мен негізгі тәсілдерге талаптар тұжырымдалды.
- Мектепте математиканы кәсіби бағытта оқытуды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін растайтын эксперименттік тексеру жүргізілді және соның нәтижесі бойынша кәсіби бағытта оқытудың әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Диссертация жұмысында зерттеуден алынған нәтижелері, тұжырымдары дұрыс сипатталған, зерттеудің мазмұны дұрыс сипатталған, жұмысының

негізгі мазмұны мен тұжырымдары толық жарияланған. Зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары, анықтамалар, кестелер мен суреттер арқылы аннотацияға қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады.

Серкан Каймақтың диссертациялық еңбегін құрылымдық жағынан аяқталған теориялық және қолданбалы маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады және болашақ ғалым ретінде бойында алдына мақсат қоя білу, ізденімпаздық, зерттеушілік қасиеттерінің жоғары екендігі байқалады.

Ізденуші зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша әдістемелік нұсқау мен кітап тарауы және мақалалары Скопус, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдармен қатар, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған.

Серкан Каймақтың «Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» тақырыбында жазылған диссертация мен аннотация мазмұны және рәсімделуі ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелерінің жаңалығы Қазақстан педагогика ғылымына үлес қосатын зерттеу деп есептеймін,

Сондықтан Серкан Каймақтың «Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» тақырыбында жазылған диссертациясын "6D010900 – Математика" мамандығы бойынша "философия докторы" (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:

Сулеймен Демирель атындағы университетінің профессоры

педагогика ғылымдарының докторы



Балта Н.

31/01/2022